

А 2007
126к




ЖАНАЕВ ТӘЖІБАЙ

СОНҒЫ ЖЕТІ
ШАҚЫРЫМ

Балалар
ӘДБИЕТИ

ТӘЖІБАЙ ЖАНАЕВ



СОҢҒЫ ЖЕТІ ШАҚЫРЫМ

“Балалар әдебиеті” баспасы, 2006

ББК 84 (5 Қаз) +82.3

Ж 26

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат министрлігінің
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы бойынша
шығарылып отыр

Ж 26 Жанаев Т.,

“Соңғы жеті шақырым” (хикаят, новеллалар мен әңгімелер)

“Балалар әдебиеті” Алматы: 2006 – 152 бет

Қаламгер Тәжібай Жанаевтың бұл жинағына көлемді, шытырман оқиғалы “Періштелер жыламайды” атты хикаяты мен бір топ әңгімелері, новеллалары топтастырылған.
Жазушы туындыларының тілі шұрайлы, ойы орамды.
Өмір шындығын дәл беруге тырысады.

ISBN 9965-650-58-6

Ж $\frac{4803250204}{00(05)-06}$

ББК 84 (5 Қаз) +82.3

ISBN 9965-650-58-6

© Жанаев Т., 2006

© “Балалар әдебиеті” баспасы, 2006

ШАҒЫН ӘНГІМЕЛЕР



БАЛАҚАЙ

Үлкен албар қақпасының есігін аяғымен итеріп ашып, өзі кіріп-шығатын Балақай әдетінен бір жазбайтын. Кішкене құлын кезінен осылай үйреткен едім. Қақпа есігінің топ-саларын әдейі резинкадан істегенмін. Албардың сыртынан атын атап шақыра қалсам, құлағын тікірейте бір қарайды да, маған қарай салып жетеді. Кейде есікті аяғымен тарпып не тізесімен итеріп сыртқа шығады. Әдепкіде қант, кейіннен нанның қабығын ернімен жиырып алып талмап, дәмін алған соң басын шұлғып, оқыранып қоятынын қайтерсің. Нәті жануар демесең, ақылы адамға бергісіз еді-ау...

Біздің шағын қала Азия мен Еуропа шекарасына орналасқан. Кең арналы өзен қаланы қақ бөліп, ортасымен ағып жатыр. Азия құрлығы Бұқар беті деп, ал Еуропа Самар беті деп аталады. Соғыстан бұрын өзен үстінен аспалы көпір салынды.

Оның өзі біз үшін үлкен бір құрылыстай, сонау Санкт-Петербург көпірлеріндей көрінетінді. Бозала таңнан жұрт ерсілі-қарсылы ағыла бастайды. Содан түн ортасына шейін, көпірді көтеріп ажыратқанға дейін, құмырсқаның илеуіндегі құжынаған көп халықтың жаяуы бар, көліктісі бар ығы-жығы боп, ағылады да жатады. Солардың арасында ертелі-кеш көк арбаны жеңіл тартып, Балақай да келеді. Арбаның көшір отыратын көлденең тақтайына дейін созылған жұқа қорапшаға нан сықай тиеліп, үсті брезентпен жабылады. Бұқар бетінен қайтарда, көбіне бос болғандықтан жүрісі шапшаң, шоқытып желеді де отырады.

Балақайдың арғы тегі Буракөлдің жүйрік Құлайғырынан басталады. Ол кезде де, қазіргідей, жылқы үйіріндегі сағыр-саяқтары, не кәрі билері етке айдалатын. Балақай кәрі биенің құлыны еді. Енесін ет комбинатына өткізерде, Бейсәлі нағашым мұны “аяғы сынған” деп, бізге әдейі тастап кеткен болатын. Алғашында сиырдың сүтіне қант қосып беріп бағып, кейін қолға үйренген соң, үй жанындағы тоғайлық шалғынына өзі барып жайылып, өзі үйге су ішуге келетіндей болып үйренді. Осы күнгі мына “Авангард” мөлтек ауданының орнында бұрын тоғайлық болған-ды.

Кейде айдың сүттей жарығында жайылып-жайылып, ұзақ жусап тұратынын қызықтайтынмын.

Шөмеле-көпенелер жанында айлы түнде жусап тұрған жылқының сұлу мүсіні әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Күлтеленген жалы ай жарығында қызғылт-қоңыр түске еніп, шоқтығы биіктей түсіп, сауыры жылт-жылт етеді.

Балақай алдына қара салмағын жүйрік Құлайғырдың тұқымы болғандықтан, негізіне тартып, бұл да құла болып туған. Жусап тұрғанда оқыстан бір дыбыс шықса, құлағын селтитіп, шалт қарайтыны бар. Егер суретші болсам, сол елеңдеп тұрған сәтін бейнелер едім деп, армандайтынмын.

Ай астында жусап тұрған аттың сұлу бейнесін сонау скиф не әліми сақ заманынан ата-бабаларымыз талай қызықтағанымен, көркем-өнер тарихында әлі күнге дейін ешкім салмағандай көрінетін маған. Суретке деген менің әуестігім сол Балақайды баптаудан басталды десем, әй, сірә, асыра айтқандық болмас. Сол арманым бүкіл өмір бойғы мені алға жетелеген бір ғажайып күшке айналды. Ай сәулесінің сүттей аппақ жарығы табиғат ананың мейіріне бөленген тіршілік атаулының тыныстауы болатын. Осы бейбіт, бейжай, мамыра шақтың шырқы бұзылмауы Адам ата-

науа анадан келе жатқан бүкіл әлемдік заңдылық. Соған қарсы кереғарлық – бүкіл тіршілік атаулының қайғысы да, сүттей ұйыған менің өмірімнің де айран асырын шығарған тосын оқиға – соғыс еді!

Бұрынғыша ертелі-кеш көк арбаны сайлап, наубайханадан нан тиеп, брезентпен тұмшалап, Бұқар беттегі дүкенге тасимын. Бірақ күнделікті бір қалыпты іс-әрекетіміз күрт өзгеріп, міндет жүгі бұрынғыдан да ауырлай түсті. Көрші қарт Мәменді шақырып, көбіне өзім әскери комиссариатты жағалауға тура келді. Әскери даярлықтан өткен соң, майданға жіберетінін білдім де, үш күннен кейін, әскери шақыру қағазын өзім барып алып, үйге оралдым.

Кешкісін, жұмыстан кейін, Балақайды тоғайлыққа жіберген Мәмен қарт оның бойынан тосын бір мінез байқағанын айтты. Сенің ішкі қобалжуың оған қатты әсер еткен сияқты, бұрынғыдай ширақ, қунақы жүрісінен айрылғандай, дейді. “Апырмай, хайуан дейміз-ау оны. Мына басымызға түскен қайғыны жануар өзінше түйсініп, сезінгені ме сонда”.

Ертеңіне ағайын-туысқандарымды шақырып, майданға аттанар алдында ақсақалдардың батасын алып, енді кеткелі жатқанымда, Балақай тоғайлықтан құйындата шауып келді де, қақпа есігін тізесімен итере ашып, менің жолдорбамды

иіскеп, басын бір шұлғып, мойынын иығыма салып біраз тұрды. Сол сәтте жиналғандар дабырласып:

– Япыр-ай, Балақайдың көзінен жас сорғалап тұр ғой.

Егесін қимай тұрғанын қарашы жануардың! – десті. Мен оның жалынан сипап, мойнынан құшақтап, бетімді бетіне тигізіп, қайта-қайта жалынан қақтым да, қайтып көріскенше ағайын-тумаға қош айтысып, албардан шыға бергенімде, Балақай құлақ тұндыра кісінеп, аяғымен жер тарпып, маған қарай ұмтылды. Мәмен қарт оны тізгінінен ұстап жібермеді. Үйден ұзап кеткенше, Балақайдың шұрқыраған дауысы құлағымнан кетпей қойды.

Сөйтіп, әскери эшелонға мініп, майданға аттанғандардың арасында мен де кете бардым.

Алты ай жаттығу ойындарынан өткен соң, Сталинград майданынан бір-ақ шықтым. Автоматшылар ротасында табаны күректей алты ай бойы қанды қасаптың ортасында болып, оқ пен оттың астында жүрсем де, құдай сақтап, дін аман болатынмын.

Мамай қорғанының солтүстік-батысындағы бір шабуыл кезінде жау артиллериясының снаряды жарылып, сол аяғымнан жараландым. Жолдастарым санбатқа жеткізіп, өздері ілгері кетіпті. Ақыры, ай жарым госпитальда жатып, бір жыл бір ай дегенде, елге қайтып оралдым.

Ол кезде жолаушылар пойызы қалаға таң ата келетін. Қаланың Бұқар бетіндегі вокзалдан түсіп, жолдорбамды асынып алып, қос балдақпен көпірге қарай жүрдім.

Қазіргідей автобус, троллейбус қайдан болсын. Қатал да қатыгез соғыстың бедер-белгісі біздің шағын қаланың да етек-жеңін жинақы еткен екен. Әскери адамдар, әртүрлі соғыс техникасы, мұнда бүкіл елге атағы мәлім соғыс жабдықтарын шығаратын, балық консервілейтін зауыттары мен кәсіпорындары жұмыс істейтін. Көпірден ерсілі-қарсылы өтіп жатқан көпшілік: жұмыскерлер, қызметшілер және жаңадан әскери даярлықтан өткен солдаттар енді майданға легімен аттанғалы бара жатыр. Бәр-бәрінің де түстері суық, қам-қарекеті уақыт талабына сай, әйтсе де әбігерленбей, асып-саспай, өз істеріне сенімді, аяқтарын нық басады.

Ал, майданнан оралған жарадар солдат екенімді көргендері таңырқап, тіпті, қайсыбірі мүсіркеп, жасамыс әйелдер жанарлары жасқа тола маған қарайды.

Көпірге жақындағанымда жауын алдында пайда бола кететін сұр қарлығаштардай жасөспірімдер мен мектеп оқушылары да менің айналама жинала қалыпты. Көпірдің тар тротуар беті жүргіншілерге толы, мостовой үстінде ерсілі-қарсылы ағылған арбалар, полуторкалар, аракідік генералдар мінетін МК-лар да жосылып барады.

Көпірдің ортасына жақындай бергенімде, көп көліктің арасынан маған қарай көк арба беттеді, үстінде қара тоны, басындағы жарғақ құлақшынының бір құлағы түрулі Мәмен қарт делбе ұстап отыр. Басын төмен салып, Балақай арбаны бейқам тартып келеді. Көзіме оттай басылды. Делебем қозып, шыдай алмағаным сонша “Балақай!” деп, қалай айқайлап жібергенімді білмей де қалдым.

Қаптап келе жатқан нөпір көліктің арасынан басын кенет көтеріп, сәл тоқтаған ол, мені көрді де, Көшір қарттың тежемек болған әрекетіне қарамастан, алдындағы арбаларды баса-көктей менің даусым шыққан жаққа қарай тұра ұмтылды.

Абыр-сабыр бола қалған жұрт алғашқыда арбаға жегілген ат әлде неден үріккен екен деп ойласа керек. Бір-біріне соғылыса жаздап, жолдан тайқып шығуда. Әлдекімнің сыбап, жекен суына жеткізе балағаттағаны естілді. Көпір үсті әп сәтте у-шу болды да қалды. Біраздан соң, арттағыларға бөгесін болған топтың ортасында Балақайдың басынан құшақтап тұрған балдақты солдатты — мені көргеннен кейін, “япырай, иесін танығанын қарашы, ұмытпағанын көрдің бе жануардың! Қарашы, көзінен жас парлап тұр!” деп, дабырлаған жүргіншілерге жол беру керек екені есіме түсті де, дереу Мәмен қартқа балдақтарымды ұстатып, арбаға міндім.

Түс қайта қаланың Самар бетіне қайтып оралдық...

Қаланы қақ жарып ағып жатқан өзен үстінен темір мен бетоннан салынған осы заманғы жаңа көпірді көрген сайын сонау 43-тің ызғарлы суық күзіндегі сұр шинельді жарадар солдат пен көпір үстінде қуанышын адамша білдірген нәті жылқы баласы Балақай есіме орала береді.

* * *

Қала шетіндегі шағын тоғайлық бұл күнде атымен жоқ. Қазір мұнда көрікті мөлтек аудан кең қанат жайған. Бірыңғай бой түзеген еңселі үйлердің бірінде бір қарт суретші тұрады. Алғашқы танысқаннан кейін, еңкіш тартқан денесін тіктеп, қолындағы таяғына сүйенген ақсақал өз шеберханасына шақырды. Үш бөлмелі пәтерінің бір бөлмесі сурет көрмесі дерлік. Майлы бояумен салынған үлкен полотно бірден назарымды аударды. Ай сәулесінің астындағы тоғайлық көрінеді. Оның ашық алаңқайында бірнеше шөмеле арасында жусап тұрған жылқы, бейжай, сүттей жарық түн тыныштығы жан-дүниенді жадыратып, бір сәт өзің де күні бойғы қам-қарекеттен шаршап-шалдыққаныңды біржола ұмытып, түн құшағына енгендей боласың. Қарт менің айлы түн аясында шағын тоғайлықтағы бүкіл әлемдік тыныштық субстанциясының құдіреті — мені өзіне мүлдем

тартып алғанын байқап, біраз іштей толғанып тұрды да, сөзін одан әрі сабақтады.

– Сурет өнеріне деген құштарлығымды оятқан қарапайым арбакештен биік өнерге құлаш ұруымның бастауы әрі себепкері құлын күнінен өз қолымнан өсірген осы Балақай болды. Мінезі ерке баладай көрінгендіктен оны осылай атаған едім. Содан бері көп уақыт өтті. Мен мүлдем қартайдым. Бірақ мәңгі-бақи көркемөнер нысанасына айналып, рухани байлығымызға қосылғанын мақтаныш етемін, – деп, елжіреп тұрып әңгімесін аяқтады.



СУВОРОВТЫ ОҚЫҒАН КІСІ

Ересектер өміріндегі сияқты, балалар өмірінде де жақсылық та, жамандық та кездеседі. Бұл — өмір заңдылығы. Бірақ жақсылық ғұмыр бойы ұмытылмайды екен...

Соғыстың бастапқы кезінен-ақ майдан шебінен алыс жерлерде, кейін 1944-жылдың маусым айынан соң да, табиғи мүмкіндігі мол, сулы, нулы, ауыл, аудандарда көптеген балалар үйлері ашылды.

Елдің болашағы — балалар шұғыл түрде қамқорлыққа алынып, олардың дені сау, уайым-қайғысыз өсуіне бар мүмкіндік жасалынды.

Бір де бір бала оқудан тыс қалмауы көзделді. Егер мұндай жағдай бола қалса, оған мемлекеттік тұрғыдан мән берілетін. Кінәлі лауазымды адамдар партиялық, әкімшілік жазаға тартылатын.

Арада төрт-бес жыл өткен соң, соғыс кезіндегі балалар тез аяқтанып, өз тағдырын өздері шешіп кете барды.

Сол жылдары біздің балалар үйі біресе ашылып, біресе жабылды. Жасы он бес-он алтыға толғандары РУ-ға, ФЗО-ға жіберілді, ал оқуға қабілеті бар дегендері облыс орталығындағы мектеп-интернатқа орналастырылды.

Соңғы лекке мен де ілініп, Жамбыл атындағы орта мектептің сегізінші сыныбында оқып жүргенмін. Сабақтан бос уақытта қайда барарымды білмейтінмін. Кенеттен балалардың қалалық шахмат турнирі басталды. Мұғалімдер оған мектеп атынан мені қатыстырды. Онда өткен жылғы қала чемпионымен кездестім. Алтыншы тур еді. Ұзақ текетірестен соң, ол ұтылғанын мойындады. Ал бұл турнир барысы жайлы қалалық радио күнде хабарлап, облыстық газеттерде материалдар жарияланып тұрды.

Күнде түскі астан соң, бөлмедегі радио жанына келіп, әдейі тыңдайтынмын. Көбіне, “жасөспірімдер арасында шахматтан өтіп жатқан қалалық жарыстың бүгін пәленінші ойыны аяқталды. Көш басында Жамбыл орта мектебінің 8-г сыныбының оқу үздігі Түгеншиев алда келеді...” дегенге, мадиықтанып, біраз көтеріліп, әлдекімдер айтатындай, қоладан жасалынған аттың суреті бар белгісі беріледі дегенге сенетінмін. Ол – үшінші разрядшы шахматшы деген белгі дейтін. Өзімдей орыс сынып оқушыларынан мұндай значокті, тіпті, бірінші

разрядшыларды көргенде, кәдімгідей шахмат шеберін көргендей болатынмын.

Бір-екі аптаға созылған жарыс қалай аяқталғаны қазір есімде жоқ. Жалғыз-ақ есімде қалғаны – былтырғы чемпион жоғары сынып оқушысы Антропов менен ұтылған соң, маған деген басшылардың көзқарасы сынаптай сусыды. Үнемі бізге жиі келіп тұратын әлде радио, әлде облыстық газет тілшісінен білегенім: мен үшінші разрядшы нормасын орындаппын. Енді Потацкий деген ағайға барсаң, арман еткен аттың басы бейнеленген үшінші разряд белгісі мен құжатын аласың дегені.

Қатты қуандым! Енді мектепте қыздардың алдында қола белгіні – аттың басын тағып алып, олай бір, бұлай бір ойқастап жүруді арман еттім. Арман деген неткен көп едің сонша!

Белгіленген күні қалалық спорт бөліміндегі Потацкий ағайға келдім. Мен есіктен кіре бергенде:

“А, парнишка, ты насчет того пришел?” деп сұрады. Мен де басымды изеп, “иә” деймін. Біраздан соң:

“Келесі сәрсенбіде кел!” деді. Мен қуана жүгіріп, мектепке келдім. Кейін сәрсенбінің сәтінде тағы келдім. Потоцкий мені көріп, тағы да “насчет того” деп сөйлей бастады. Бұл сөздің мән-мағынасын түсінбесем де, іштей бір жақсылыққа жорыдым.

Енді ол жұма күні келетіндігімді ескертті. Ойымда сол бұрынғы қуаныштан басқа ештеңе жоқ, тағы да белгіленген уақытта асыға күттім. Жұма күні қайтадан келсем, тағы да ағайым, құдды бір тоты құстай сол баяғы жаттанды сөзін айтып, мені шығарып салды.

Төртінші рет келгеннен кейін, мүлдем түңілдім. Ол тағы да сол баяғы әуеніне басты. Таудай талабым табан астынан тасқа шапты. Содан қайтып, оған оралмадым. Менің тағдырымды ойлайтын ешкім болған жоқ.

Сол кезде бокс, ескекшілер үйірмелері біздің қалада жұмыс істейтін-ді. Өзен айлағындағы қайырлап тұрған ескі кеме трюмінде орналасқан ескекшілер секциясының жетекшісін іздеп таба алмадым әрі бұл жер көбіне есірік, төбелес-құмарлардың жиналатын орыны сияқты көрінді маған. Мұндайда қаланы жалғастырып жатқан көпір үстінен құлдилап бара жататын жеке каноэы мен үлкен қайық ескекшілерінің топтанып, бір қалыпты есетіндеріне сүйсіне ұзақ қарап тұратынмын. Бұл енді мен үшін айдай алыс арман болды. Бір қызығы, олардың арасында мен сияқты бір де бір бала болмай-тынына іштей таңданатынмын.

Ақыры құр, бостан бос жүргім келмеді. Бокс үйірмесіне келдім.

Сол күні жаттықтырушы жоғары сыныптың бір оқушысымен мені жекпе-жекке шығарды.

Бұрын бокстың айла-тәсілін игеріп, мұндай бәсекеге түсіп көрген емеспін. Бар білетінім — кіндіктен жоғары ұруым керек, ал қорғаныс дегеннің не екенін ешкім үйреткен жоқ.

Қысқасы, салғаннан айқаса кеттік. Қарсыласымның бойы да, қолдары да менен ұзын әрі әбден ширығып, шыныққан неме екен. Тек бір көзі қитар ма, әлде операция жасалынған ба, көзінің асты тыртық болып біткен. Үстінде су жаңа спорт формасы, аяғында жеңіл тапочка, өзін еркін ұстайды. Оған қарағанда мен борпаяк, жүріс-тұрысым олпы-солпы. Мені неге бұған қарсы шығарды екен деп іштей ойлап, жаттықтырушыға көз астыммен қарап қоям, оның да түр-түсі менің қарсыласыма ұқсайды.

Қарсыласым бірнеше дүркін соққы берген кезде, қатты ызалана бастадым. Қарап қалудың жөні жоқ. Әрі намысым келді. Ашық “төбелеске” кірісіп кеттім. Бірақ қарсыласым ойнақшып, онан сайын бар әдіс-тәсілін қолданып бақты. Менің мұрын, көз, бетімнің сау-тамтығы қалмағандай. Оған қарсы қандай әрекетке барғаным қазір есімде жоқ, бокстан гөрі, төбелеске ауысқан кезде, жекпе-жекте тоқтатқызды. Қарсыласымның мені нокаутқа жіберуге аяғанын естідім. Нокаут түгілі, нокаунға да түспеген екенмін. Әйтсе де қатты соққы алдым. Әсіресе, іш-құрылысым, бауыр тұсыма қатты соққы тиген. “Бокс” дегені болмаса, бұл кәдімгі

ринг емес, жаттығу залының кіре берісінде өткізілген “төбелес” болатын.

Жаттықтырушыны бірінші рет көруім еді. Түр-түсі ырық-жырық, “мұғалім” деуге келмейтін, қатыгез, менмен, өркөкірек кәдімгі бұзақы сияқты көрінді маған ол.

Бұл менің бокс үйірмесіне бірінші рет келген күнім. Әрі соңғы рет қош айтысқан күнім еді. Себебі бірер күннен кейін интернат медбикесі көріс әйелі Наталья мені мектепке жібермеді.

Айтпақшы, соның алдында бірнеше күн “Огонек” журналындағы шахмат есеп, этюдтерді шешу жөніндегі олимпиадаға қатысып, оның төртінші турының есеп, этюдтерін шеше алмай жүргенмін. Әбден әуреленгенім сонша, сабақтан қалудың бір айласын таптым.

“Аурумын” деп едім, Наталья изоляторға жатқызды. Үш күн бойы шахмат есебін шығарумен айналыстым, одан басқаға зауқым жоқ. Тамақты асханадан аспазшылардың өздері әкеліп тұрады. Бекзаттай күтімге алды.

Москвадағы шахмат шебері Люблинскийден үш рет хат алдым. Онда келесі турға жіберілгенімді хабарлаған. Ұмытпасам, белгілі бір тур тапсырмасын шешкенде, белгілі бір разрядқа ие болатындығы айтылған.

Қатты еліктім. Тағы да шахматқа деген құмарлығым күшейді.

Ең болмаса, үшінші разряд алу — мен үшін үлкен арманға айналды. Бірақ мұнда да тілеуім кесілді.

Бір күні медбике Наталья апай кешке қарай менің жағдайымды білу үшін, изоляторға келді. Кереует үстіндегі шахмат тақтасын көріп, “сен шахматшы екенсің ғой, ә” деді. Мен Москвадағы шебер Люблинскийден хат алып тұратынымды, тіпті, төртінші турға жіберілгенімді, бірақ мына этюдті мүлдем шеше алмай, өтірік ауырып қалғанымды — бәр-бәрін жасырмай айтып, ағымнан жарылғанымды өзім де байқамадым. Сол сол-ақ екен, “Менің күйеуім үлкен шахматшы, мұны ол шешеді, Сен мені үйге дейін шығарып саласың ба? Бұзық, ұры-қарыдан қорқамын” дегені. Мен орнымнан ұшып тұрып, киініп алдым. Медбике қаланың шет жағындағы “Шанхай” деп аталынатын тұйық көшеде тұрады екен. Аяқ асты миы шыққан батпақ әрі тас қараңғы, медбикенің қорқатын жөні де бар.

Тұйық көше пұшпағынан шыға бергенімізде, қараңғы жерден бір кісінің сұлбасы көрінді. Көрісше сөйлей жөнелді. Бар ұққаным — медбикенің күйеуі сияқты. Жатаған, тоқал үйдің дәлізінен өтіп, ішке кірдік. Үй-іші жинақы, пеш жанып жатыр. Медбике күйеуімен әлдене жайлы сөйлескен соң, үстел үстіне үй қожасы шахмат алып, фигураларын құра отырып, маған тіл қатты:

— Шахмат ойнайық, кәне, балақай, қымсынба,
— деді.

Екеуіміз кешкі ас алдымызға келгенше, бірекі партия ойнап үлгердік. Байқасам, “бірінші разрядшы” деп дабырайта айтқан Наталья апайдың сөзіне күдіктене бастадым.

Екі рет ұтылды, үшінші, төртінші рет те ол таза ұтылғанын мойындады.

Кешкі ас ішілді. Біраздан соң қайтадан ойынға кірістік. Кенет ол маған қарап: “Балақай, неге сабаққа бармай жүрсің?” – деп, сұрады. Мен тағы да Наталья апайға айтқанымды жырдай етіп сайрап бердім. Шахматты ұнататынымды, тіпті, шебер болсам деген үмітім де жоқ емес дегендей, сұңқылдадым-ай келіп. Кәріс қарт біраз ойланып, кәдімгі біздің ауылдың қарияларындай, қамқорлық көрсетіп, жаны аштынынын айта келіп:

“Бұл шахмат небары тас ойыншық, ол саған мамандық емес, призвание да емес. Ертең өскенде қалай күнелтесің, әке-шешесіз детдом баласысың өзің. Мұны біржола қой. Оқып, мамандық ал, әйтпесе өмірің бос өтеді, білдің бе? Мен саған достық көңілмен айтып отырмын”, – деді.

Онсыз да толқу үстінде жүрген маған мына қарттың жанашырлық сөзі қатты әсер етті. Бірден иланғаным сонша, шахмат ойнауды қоюға, іштей бел байладым. Сонымен, шахматпен қош айтыстым, тек университетте,

үшінші курстан бастап, арада жеті жыл өткен соң, шахматты қайтадан қолға алдым. Бірақ тым кеш қалыппын, “бұл кеш қалғаным кім жазықты” екенін білемін...

Сонда қалай, баланың тағдырын топ, тап, ұлт, ұлысқа бөліп қарау, қазақша айтсам, “ала қойды бөле қырқатын” кейбір адамдар жалпы халықтың сорына шығатынын 70 жыл бойғы, кеңес дәуірі айқын көрсетті емес пе! Соның бәріне төзімді, көнбісті болған бұқара көпшілікке, шынында, бейбіт өмір, балашағасының бақытынан артық ештеңе керек емес-ті. Дөкірлік, өктемдік, алалау балалық пәк жүрегімді талай жаралаған еді. Кейін, тіпті, көп жыл өткен соң, бір танысым мұның мәнін былай түсіндірді.

Ол өз командасын құрып, соны жаттықтырып жүрген. Олар көрші облыстарға, кейбір қалаларға ДОСААФ мекемесінің қаржысымен барып тұратын. Ал сен болсаң, көлденең қосылған саяқ болып шықтың. Бірінші тақтада ойнайтын, бұрынғы чемпионды жеңген баладан құтылудың, жалғыз жолы – сені әуре-сарсаңға салу. Әбден мезі болған соң, өз жайыңа өзің қаласың. Қала, облыс спорт бөлімдерінің басшыларына спортшылардың жалпы ұзын-ырғасы түгел болса болды, ал сенің жеке тағдырың – тіпті, талантың да түк емес еді.

Көп ұзамай қаланың Самар бетіндегі

ауруханадан шықтым. Дәрігерлер “сары ауруға” саяды, демек, “сенің бауыр, өт жолыңа сокқы тиген емес пе, жығылған не құлаған жоқсың ба?” дегендей сұрақ қояды, мен не айтқанымды білмеймін, бір күні дәрігер тексеруі кезінде, “сен балақай, енді боксты қой!” дегені.

Оны қайдан білді екен десем, палатадағы Суворов туралы кітап оқитын кісіге айтқаным есіме түсті.

Дәрігер апай ұзақ жататынымды, тәттіні көбірек жеу керектігін ескертті.

Бұл аурухана қала бойынша ересектерді де, балаларды да емдейтін жалғыз мекеме екен. Сырттан адам жібермейді. Ауру адамдарға келетін туыстары, достары кішкентай терезеден кезекші санитар арқылы қағаз жазып, беретін сәлемдемесін тастап кетеді. Ал маған келетін ешкім жоқ екенін білемін, ешкімді де күтпеймін.

Біздің балалар үйі таратылған-ды. Бірге оқитын достарымның көбі қалада тұрады. Олармен жете танысып та үлгергенім жоқ. Балалар үйінің бұрынғы тәрбиеленушілерінің қайсыбірі ФЗО, РУ-да оқып жүргенімен, менін ауруханада жатқанымды қайдан білсін. Білсе, келеді, — бірақ оларға кім айтар дейсің.

Арада бір апта өткен соң, бір күні түс әлетінде, санитар қыз жылтырақ қағазға оралған халуа, тағы бір қағазға оралған пряник, печенье әкелді.

— Кім берген? — десем, қыз жымыып, “достарың келген” деді де кете барды.

Алғашында апыл-ғұпыл біраз қарбытқан соң, “е-е, біздің интернаттан келген кім екен деп ойладым, директор ағай ма, әлде тәрбиеші апай ма?”.

Ойлауын ойласам да, олар мені неғылсын деген бір ой көлденең тұрды. Кім әкелсе де, жомарт екеніне ризамын іштей. Енді тамақ тоқ, ешкімге де көз сүзбейсің. Екі-үш күннен соң, тағы да маған сәлем-сауқат жолдаған аппақ жылтыр қағазға оралған сәлемдеме әкелді, Санитар қыздан сұраған едім, ол маған бәлсініп:

“Кім екенін қайдан білейін” — деп, келесі палатаға жүгіре жөнелді.

Әттең, “карантин” деп сыртқа шығармайды, әйтпесе өзім-ақ барып алар едім деп, өкінемін. Оның есесіне сәлем-сауқат менің қалағанымдай бәр-бәрі бар! Қалбырдағы тәтті сүт, халуа, тәтті тоқаш, әртүрлі кәмпит!

“Әй, сірә, директор ағай шығар, — деймін. Мүмкін, біздің балалар үйінен біреу-міреу іздеп келген шығар, жо-жоқ, олар болса, хат жазып жіберер еді ғой”.

Палата ішінде үшеуіміз — бірі бұрыштағы ұзын сары кісі, екіншісі — Кәрім деген біреудің жан дегенде жалғызы, өзі еркетотай болып өскен бала екен, ол да біздің мектепте оқиды. Үшіншісі — мен, интернаттың қарасирағы. Көбіне Кәрім екеуіміз ойнап кетеміз. Шеткі кереуеттегі ағай үнсіз, кітап оқиды да жатады.

Анда-санда бізді әңгімеге тартып, оны-мұны сұрайды. Негізінен әңгімеміз сұрақ-жауап ретінде өтеді. Содан соң тағы да кітабына үңіледі. Айғай-шуды ұнатпайды. Кірпияздау кісі. Өзі обкомда ма, исполкомда ма,— әйтеуір бір дәу қызмет атқаратын сияқты. Әйелі екі-үш күнде бір келіп тұрады. Ал, Кәрімге апасы күн сайын, кейде тіпті, екі рет келеді. Әкесі бір үлкен ырыскләдте күзетші, апасы оның көмекшісі екен. Кімге кім келіп жататынын көрмесек те, олардың сәлем-сауқатын жеткізуші сары қыздың айтуынан естиміз. Тек маған ешкім келмейтін. Бірақ соңғы күндері екі-үш күнде сәлемдеме келетін болғанына іштей қуансам да, дәл маған кім келіп-кететінін сары қыздың білмейтініне зығырданым қайнайды. Ойлап-ойлап, сары қыздың не жазығы бар, ол соншама ненің иесі, сан-сапат келіп жатқан жұрттың қайсы бірін түгендесін деп, өзімше оны ақтап, кешіріммен қарайтын болдым.

Күндер осылайша зырғып өте шықты. Жазылып шығып жатқандардың айтуынша, ең кемі қырық күн, тек қырық бірінші күні ғана үйге жібереді. Менің де шығатын күнім жақындағанмен, біршама үйренген соң, интернатты ұмытайын дегендеймін. Сабақтан да көп қалып қойдым. Кейде балалар түсіме кіреді. Неге келмейді екен деп ойлаймын.